

Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады

Диқан мен тұқым



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: M. Maillot, Lazarus
Alastair Paterson

Бейімдеген: E. Frischbutter, Sarah S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

Бір күні Иса көл жағасында
тәлім берді. Оны тындау
үшін көп адам жиналды.
Тобыр тым үлкен болды.
Иса не істер екен?



Жақын арадағы қайықты көрген Иса соған жайғасты. Енді Ол адамдарды көре алды, ал олар Оны көріп, айтқанын ести алатын.



3

Иса астарлы әңгімелер айта бастады – адамдарға Құдай туралы үйрететін кәдімгі нәрселер жайлы әңгімелер.



4

«Диқан өзінің егістігіне тұқым септі». Исаның әңгімесі салынған суреттер орнына сөз жазылған жанды сурет сияқты еді.



5

Адамдар көз алдарына жұмыс істеп жүрген диқанды елестете алды – олар мұны көп рет көрген.



6

Себілген дәндердің бір бөлігі жол бойында жатты. Ысқырық! Құстар оны шоқып жеп қою үшін жылдамдатып жерге қарай ұшты.




7

Кейбір тұқымдар егістіктің тастақ жеріне түсті. Олар табан астында жұқа әрі әлсіз өсімдікке айналып шыға келді. Ыстық күн оларды тез-ақ құрғатып жіберді, өйткені олар қалың емес топырақта тамыр жая алмады.



8

Басқа тұқымдар тікендер арасына тамыр жіберген. Олар жеміс бере алмады. Тікендер қажетті күн сәулесі мен жаңбырды бөгеп, жас өсімдіктердің маңайында оларды қысып тұрды.



9

Басқа тұқымдар жақсы топыраққа түсті. Уақыт өте келе жас өскіндер көптеген жана өнім берген сау өсімдікке айналды. Дикан өте бақытты болған шығар.




10

Әңгіменің соңында шәкірттері Исаға келді. «Сен неге астарлы әңгімелермен үйретесің?» –деп сұрады олар.



11

Иса астарлы әңгімелердің егер адамдар шынымен Құдайды сүйсе, Оны түсінуге көмектесетінін айтты.



12

Иса астарлы әңгімені түсіндіріп берді. Ол тұқымның Құдай Сөзі екенін айтты. Шайтан оларды Құдайдың не айтқанын ұмытып кетуге мәжбүрлейді.




13

Кейбір адамдар Құдай Сөзін тез қабылдайды. Олар тастақ жерге түскен тұқымға ұқсайды. Бірақ олар Құдайды сүйгендіктен, біреу өздерін қорласа немесе жағдайды шиеленістіріп жіберсе, қайғылы жағдай болады.




14

Исаның соңынан қуанышпен ере бастаған дәл сол адамдар теріс айналып, Құдай Сөзіне бағынуды доғарады. Олар Құдайдың соңынан ерудің бағасын төлегілері келмейді. Олардың Құдайға емес, достарына ұнауға тырысатындары қандай өкінішті!



15

Астарлы әңгімедегі тікендер кейбір адамдардың өмірін толтыратын осы дүниелік қам-қарекетке, ақшаға құмарлыққа ұқсайды. Олар көп ақша табу мен басқа нәрселерге айналып кеткендері сондай, Құдайды өз өмірлерінен шығарып тастайды.



16

Бірақ құнарлы топыраққа түскен әрі жақсы өнім берген тұқым адамдардың жүректеріне еніп, өмірлерін өзгерткен Құдай Сөзіне ұқсайды. Бұл адамдар Құдайға қызмет етіп, Оны құрметтейді.



17

Тобыр кеткісі келмеді. Көпшілігі Құдайдың соңынан еріп, оған ұнамды болғысы келді. Исаның астарлы әңгімелері оларға Құдайға қалай бағыну керектігін түсінуге көмектесті.



18

Диқан мен тұқым

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Матай 13

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."

Забур 119:130

19

43

Соңы



60

20

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге не болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.